



## "УМС" корпоративтік қорының "Хирургия" клиникалық-академиялық департаментінің директоры Дамир Булатович Дженалаевпен қысқаша сұхбат

**"УМС" КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ АЯСЫНДА КЛИНИКАЛЫҚ-АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТТЕР ҚҰРЫЛҒАНЫ БЕЛГІЛІ. СОЛАРДЫҢ БІРІ - ӨЗІҢІЗ ЖЕТЕКШІЛІГІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН "ХИРУРГИЯ" КАД. ЕҢ АЛДЫМЕН, ОСЫ ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРСЕҢІЗ.**



Иә, ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап "УМС" корпоративтік қорының барлық хирургиялық қызметін қамтитын "Хирургия" КАД құрылып, жұмыс істей бастады. Бздің КАД құрамында үш бөлім бар: балалар ортопедиясы бөлімі, балалар хирургиясы бөлімі және амбулаториялық хирургия бөлімі.

Әр бөлімде өз кезегінде "Бағдарламалар" деп аталатын негізгі бағыттар көрсетілген.

Атап айтқанда, балалар ортопедиясы бөлімінде балалар ортопедиясы бағдарламасы және нейроортопедия бағдарламасы бар.

Балалар хирургиясы бөліміне "бас-мойын", неонаталдық хирур-

гия, балалардың жалпы хирургиясы, бауыр трансплантациясы бар торакалдық және гепатобилиарлық хирургия, бүйрек трансплантациясы бар урология бағдарламалары кіреді.

Амбулаториялық хирургия бөлімі жалпы стационарды алмастыратын хирургия, амбулаториялық-консультативтік хирургия және офтальмология бағдарламаларын қамтиды.

## СТАЦИОНАР ЖӘНЕ АМБУЛАТОРИЯ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯ ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ

### **ДЕПАРТАМЕНТТИҢ АЛДАҒЫ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТ- ТЕРІН АТАП ӨТСЕҢІЗ.**

Біздің ұзақ мерзімді кезеңге арналған міндетіміз - "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының академиялық және ғылыми әлеуетімен ықпалдасу шеңберінде озық стандарттарды енгізу арқылы хирургиялық патологиясы бар пациенттерге медициналық қызмет көрсету саласында көшбасшыға айналу.

Бұрын екі орталықта – Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы және Республикалық диагностикалық орталықта орналасқан стационарлық және амбулаториялық қызмет, оқшауланған еді және іс жүзінде қиылыспайтын. Енді бізге стационарлық және амбулаториялық буындар жұмысында интеграция мен сабақтастыққа қол жеткізуіміз керек.

Сондай-ақ, біз "өсім нүктелері" деп аталатын ұстанымдарды айқындап алдық. Оларға ерекше назар аударамыз. Біз монополист немесе елдегі көшбасшы болып отырған ол ұстанымдар ретінде мыналарды атап өткім келеді:

- балалардың бүйрек трансплантациясы;
- балалардың бауыр трансплантациясы;
- балалар арасындағы омыртқаның сколиотикалық деформациясын хирургиялық түзету;
- балалардың сүйектері мен буындардың онкологиялық патологиясы кезінде эндопротездеу;
- балалар арасындағы көмей және кеңірдек стеноздары кезіндегі реконструктивті-пластикалық операциялар;
- балалар арасындағы жоғарғы және төменгі жақтың туа біткен және жүре пайда болған ақаулары кезінде сүйекті реконструктивті-пластикалық операциялар (оның ішінде дистракциялық аппараттарды пайдалана отырып);
- нейроурология, эндовидеохирургиялық операциялар және т. б.

Сонымен қатар, амбулаториялық хирургияда көрсетілетін қызметтердің санын да, ауқымын да кеңейтіп, амбулаториялық хирургия орталығын дамыту жоспарымызда бар.

"Хирургия" КАД-ның миссиясы - жоғары сапалы медициналық көмек көрсету, білім беруді, зерттеулерді және клиникалық практиканы қамтитын интеграцияланған академиялық медициналық орталықтың моделін енгізу арқылы қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу деп айтар едім.

## **ДЕПАРТАМЕНТТЕ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРМЕН ЖҰМЫС ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ?**

Иә, клиникалық-академиялық департамент аясында ғылыми және білім беру қызметімен де айналысуымыз керек.

Өкінішке орай, соңғы жылдары біздің қызметіміздің бұл бөлігі клиникалық жұмыстан кейін артта қалып қойды.

Қазір әр Департаменттің штатында КАД директорының ғылым және білім жөніндегі орынбасары лауазымы бар.

Ол КАД директорымен бірге жұмыстың осы бөлімі үшін жауап береді. Біздің Департаментте бірнеше кездесулер болып өтті.

Бірнеше бағытты айқындап алдық және олардың барлығын іске асыру жоспарына кірісеміз.



## **БҰЛ ШАРАЛАР ЖАЛПЫ РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?**

Бұл ауқымды шаралар еліміздің денсаулық сақтау жүйесіне тек оң әсер етіп, жаңаша серпін береді деп сенемін.

Біріншіден, біз өзіміз дами отырып, Департамент базасында хирургиялық патологиясы бар пациенттерге жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсетуді одан әрі дамытамыз. Шет елдерге емделуге жіберілетін пациенттердің санын азайтамыз.

Екіншіден, өңірлерге технологиялар трансфертін жүзеге асыра отырып, "UMC" корпоративтік қоры базасында өңірлерден мамандарды оқытудың көмегімен бүкіл республика бойынша хирургиялық патологиясы бар пациенттерге қызмет көрсету деңгейін көтереміз. Жергілікті жерлерде мамандар деңгейін арттыруға ықпал етеміз.

**СҰХБАТЫҢЫЗҒА РАХМЕТ.**

